

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**Адамбаева А.С.**, заң ғылымдарының магистрі, e.mail: aizhan.bat@mail.ru*Қызылорда ашық университеті, Қазақстан Республикасы*

Аннотация. Бұл мақалада кибербуллингтің қоғамға, әсіресе балалар мен жасөспірімдерге тигізетін кері әсері, оның пайда болу себептері мен салдары қарастырылады. Сонымен қатар, кибербуллингтің алдын алу шаралары мен оны құқықтық реттеу мәселелері талданады. Зерттеу барысында интернет кеңістігіндегі қорлау, қудалау және психологиялық қысым көрсету әрекеттерінің ерекшеліктері айқындалып, олармен күресудің тиімді тетіктері ұсынылады. Сондай-ақ, ұлттық заңнамадағы кибербуллингке қатысты құқықтық нормалар қарастырылып, құқықтық қорғау механизмдерін жетілдіру қажеттілігі негізделеді. Мақаланың мақсаты – кибербуллингтің алдын алу бойынша кешенді шараларды айқындау және құқықтық реттеуді жетілдіру бағыттарын ұсыну. Кибербуллинг – интернет кеңістігінде жылдам таралып жатқан жаңа құбылыс. Бұрын тек қоғамда болған психологиялық және физикалық зорлық-зомбылық қазір виртуалды ортаға көшті. Алғашында мұндай қорлау зиянсыз болып көрінуі мүмкін. Бірақ кибербуллингтің дәстүрлі буллингтен айырмашылығы бар. Ол интернеттің ерекшеліктерімен байланысты: анонимділік, ақпараттың көпшілікке тез таралуы, 24/7 қысым жасау мүмкіндігі және жалған ақпарат тарату.

Кілт сөздер: Кибербуллинг, интернеттегі қудалау, онлайн зорлық-зомбылық, цифрлық қауіпсіздік, құқықтық реттеу, құқықтық жауапкершілік, ақпараттық қауіпсіздік, балалар мен жасөспірімдер, психологиялық әсер, алдын алу шаралары, киберқауіпсіздік, әлеуметтік желілер.

Аннотация. В данной статье рассматриваются негативные последствия кибербуллинга для общества, особенно для детей и подростков, а также причины его возникновения и последствия. Кроме того, анализируются меры по предупреждению кибербуллинга и вопросы его правового регулирования. В ходе исследования выявлены особенности оскорблений, преследований и психологического давления в интернет-пространстве, а также предложены эффективные механизмы борьбы с данными явлениями. Также рассмотрены правовые нормы национального законодательства, касающиеся кибербуллинга, и обоснована необходимость совершенствования механизмов правовой защиты. Цель статьи заключается в определении комплексных мер по профилактике кибербуллинга и разработке направлений совершенствования его правового регулирования. Кибербуллинг представляет собой новое явление, стремительно распространяющееся в интернет-пространстве. Если ранее психологическое и физическое насилие проявлялось преимущественно в реальной социальной среде, то сегодня оно переместилось в виртуальное пространство. На первый взгляд подобные формы оскорблений могут показаться безобидными. Однако кибербуллинг существенно отличается от традиционного буллинга. Эти различия обусловлены особенностями интернета: анонимностью пользователей, быстрым распространением информации среди широкой аудитории, возможностью осуществлять давление круглосуточно и распространять ложные сведения.

Ключевые слова: Кибербуллинг, интернет-преследование, онлайн-насилие, цифровая безопасность, правовое регулирование, юридическая ответственность, информационная безопасность, дети и подростки, психологическое воздействие, профилактика, кибербезопасность, социальные сети.

Кіріспе Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы және интернет желісінің кеңінен таралуы адамдардың күнделікті өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер және түрлі онлайн-платформалар ақпарат алмасудың, қарым-қатынас жасаудың және білім алудың маңызды құралдарына айналды. Алайда цифрлық технологиялардың дамуы жаңа мүмкіндіктермен қатар бірқатар қауіптерді де туындатуда. Осындай өзекті мәселелердің бірі – кибербуллинг. Кибербуллинг ұғымына алғаш анықтама берген – Билл Белси. Оның пікірінше, кибербуллинг – бұл ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (мысалы, электрондық пошта, ұялы телефон, жеке интернет-сайттар) пайдалану арқылы бір тұлғаның немесе топтың басқа

адамдарды әдейі, бірнеше рет және дұшпандық ниетпен қорлауына бағытталған әрекеттері [3].

Соңғы жылдары кибербуллинг фактілерінің көбеюі бұл мәселенің тек әлеуметтік немесе психологиялық қырын ғана емес, сонымен қатар құқықтық аспектілерін де зерттеуді талап етеді. Көптеген мемлекеттерде интернеттегі қудалау мен қорлауға қарсы құқықтық тетіктер жетілдіріліп жатқанымен, кибербуллингтің алдын алу және оған қатысты құқықтық жауапкершілікті нақтылау мәселелері әлі де өзекті болып отыр. Қазақстанда да балалардың құқықтарын қорғау, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және цифрлық ортадағы заңсыз әрекеттердің алдын алу бағытында бірқатар құқықтық шаралар қабылдануда.

Осыған байланысты кибербуллингтің алдын алу тетіктерін зерттеу, оның құқықтық реттелу ерекшеліктерін талдау және құқықтық қорғау механизмдерін жетілдіру жолдарын айқындау ғылыми әрі практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады. Мақаланың мақсаты – кибербуллингтің пайда болу себептері мен салдарын қарастырып, оның алдын алу шаралары мен құқықтық реттеу мәселелерін талдау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғылыми зерттеудің негізгі әдістері: кибербуллингтің алдын алу және құқықтық реттеу мәселелеріне қатысты ғылыми әдебиеттер, нормативтік-құқықтық актілер, халықаралық ұйымдардың баяндамалары мен статистикалық деректері талданды.

Нәтижелер және оларды талқылау. ХХІ ғасырдың басынан бастап ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы мен интернет желісінің кеңінен таралуы қоғам өмірінің барлық салаларына елеулі өзгерістер енгізді. Цифрландыру үдерістері адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетіп, ақпарат алмасу мүмкіндіктерін кеңейтті. Сонымен қатар, интернет кеңістігінің дамуы жаңа әлеуметтік және құқықтық мәселелердің туындауына себеп болды. Осындай өзекті мәселелердің бірі – кибербуллинг. кибербуллингтің пайда болу себептері (эмпатияның төмендігі, агрессия, қызғаныш, конформизм және отбасылық мәселелер), негізгі түрлері мен қатысушылардың рөлдері (бұзақы, жәбірленуші, бақылаушы) жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар, оның алдын алу тек құқықтық шаралармен ғана емес, тәрбиелік және психологиялық тәсілдермен де жүзеге асырылуы қажет екендігі дәлелденді. Сонымен қатар, бұл мәселе туралы тек ӨҚБТК-тің «Кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг)» деп аталған 127-2-бабында ғана жауапкершілігі ғана қарастырып кеткен [6].

Кибербуллинг түрлері

1. эмоционалды арандату (разжигание) (emotional flaming – онлайн жанжал) интернеттегі чаттар, форумдар және әлеуметтік желілерде эмоциялық пікір алмасу,
2. онлайн қорлау (online harassment – қайталанатын мазақтау немесе кемсіту),
3. троллинг – адамды арандату және конфликт тудыру мақсатындағы провокациялық пікірлер жазу;
4. онлайн өшпенділік (online hate – дұшпандық және қорлайтын қарым-қатынас),
5. киберсталкинг (cyber-stalking – жәбірленушінің қайда жүргенін немесе кіммен жүргенін анықтау мақсатында оны онлайн бақылау, сондай-ақ қайталанатын қорқыту хабарламаларын жіберу),
6. қаралау очернение (denigration – жалған ақпарат тарату),
7. маскарад (masquerade – жалған немесе зиянды ақпарат тарату үшін фейк аккаунттар жасау),
8. біреудің атынан әрекет ету (impersonation – әлеуметтік желілерде жәбірленушінің атынан жазбалар жариялау),
9. ақпаратты мәжбүрлеп алу (outing – жеке мәліметтерді қысым арқылы алып, кейін оны тарату),
10. секстинг (sexting – басқа адамның интимдік фотосуреттерін оның келісімінсіз тарату)
11. онлайн оқшаулау (online exclusion – достар тізімінен шығару немесе бұғаттау)
12. фрейпинг – бөтен аккаунтты бұзып кіріп, оның атынан жағымсыз контент тарату

[4].

Нарциссизм, психопатия және садизм сияқты тұлғалық ерекшеліктері бар адамдарда интернеттегі «тежеудің төмендеуі» (online disinhibition) жиі байқалады. Яғни олар киберкеңістікте өз мінез-құлқын бақылауды азайтып, агрессияны ашық түрде көрсетуге бейім болады. Сонымен қатар, кибербуллингке бейім адамдардың тағы бір тобы – агрессиясы тұрақты сипат алатын тұлғалар. Оларға үнемі ашуланшақтық, тітіркенгіштік, айналасындағы адамдарға дұшпандық көзқарас және конфликтке жиі бару тән. Мұндай мінез-құлық интернеттегі анонимдік пен жауапкершіліктің төмендігімен қосылғанда, кибербуллинг әрекеттерінің пайда болуына ықпал етеді.

Кибербуллингтің алдын алу және жолын кесу: Цифрлық сауаттылықты арттыру. Адамдарға интернеттегі қауіпсіздік ережелерін, жеке деректерді қорғау тәсілдерін және кибербуллингтің салдарын жүйелі түрде үйрету қажет. Жеке ақпаратты қорғау мәдениетін қалыптастыру. Әлеуметтік желілерде мекенжай, телефон нөмірі, жеке фото және басқа да құпия мәліметтерді шектеулі түрде жариялау маңызды. Ата-ана бақылауы мен қолдауы. Баланың мобильді және компьютерлік құрылғыларындағы хабарламаларды, пікірлер мен фотосуреттерді бақылау; баланың эмоционалдық жағдайына назар аудару; балалармен көбірек уақыт өткізу және қолдау көрсету; интернет қауіпсіздігі туралы үнемі ақпарат беріп отыру.

Профилактикалық жұмыстар жүргізу. Оқу орындарында, жұмыстарда кибербуллинг туралы тұрақты дәрістер, тренингтер және құқықтық түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылуы қажет. Құқықтық жауапкершілік туралы ақпараттандыру. Кибербуллингтің заңмен жазаланатынын түсіндіру арқылы агрессиялық әрекеттердің алдын алуға болады. Куәгерлердің белсенді ұстанымын қалыптастыру. Халық арасында кибербуллингті қолдамауға, оны байқаса тиісті орындарға хабарлауға үйрету маңызды.

Кибербуллинг – өте жағымсыз әрі қауіпті әлеуметтік құбылыс екенін жоққа шығаруға болмайды. Ол цифрлық технологиялардың дамуына байланысты барған сайын кең таралып, әлем бойынша адамдар мен жасөспірімдердің көпшілігін қамтып отыр. Осыған байланысты киберагрессияға итермелейтін себептерді анықтау және көптеген адамдардың мұндай құқықбұзушылықтың құрбанына айналуын түсіндіру аса өзекті болып табылады. Сондықтан киберзорлық-зомбылыққа қарсы кешенді бағдарламалар әзірлеу қажет. Бұл бағдарламаларға ата-аналар мен педагогтарды оқыту, сондай-ақ психологиялық тренингтер өткізу кіруі тиіс. Адамдарды интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелеріне және кибербуллингке қарсы тұру дағдыларына үйрету қажет. Ең бастысы – халықтың мәдени тәрбиесін күшейту, оларға агрессияға төзбеушілік пен жәбірленушіні қолдау жауапкершілігін қалыптастыру. Соңғы уақытта ғалымдар девиантты мінез-құлыққа тым төзімді (толерантты) көзқарастарға сын көзбен қарау қажеттігін жиі атап өтуде. Жаһандану мен цифрландыру дәуірінде көптеген мемлекеттер дәстүрлі қоғамдық мораль мен құндылықтарды сақтаудың маңызын түсіне бастады.

Қазақ мәдениетінде әрқашан ұжымшылдық құндылықтар, жанашырлық пен мейірімділік, әлсізді қорғауға ұмтылу сияқты қасиеттер басым болған. Осы дәстүрлерге сүйену цифрлық қоғамның теріс тұстарымен күресуге көмектеседі.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде кибербуллингтің қазіргі цифрлық қоғамдағы кең таралған және күрделі әлеуметтік-құқықтық мәселе екендігі анықталды. Оның негізгі ерекшеліктері – анонимділік, үздіксіз қысым көрсету мүмкіндігі және ақпараттың жылдам таралуы – бұл құбылыстың қауіптілігін арттырады. Кибербуллинг әсіресе жасөспірімдердің психологиялық денсаулығына теріс әсер етіп, олардың әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіреді.

Қорытынды Кибербуллингтің алдын алу мен құқықтық реттеуді жетілдіру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, қауіпсіз цифрлық ортаны қалыптастырудың және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Кибербуллингпен күрес кешенді тәсілді талап етеді. Тек заңнамалық реттеу ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдени деңгейін көтеру, жастардың санасын қалыптастыру және дәстүрлі құндылықтарды

сақтау маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істерминистрлігінің ресми статистикасы. – 2025. – URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/qazcon>
2. Calpbini, Arslan, 2019.
3. Belsey B. Cyberbullying: An Emerging Threat to the «Always On» Generation. Available at: http://www.cyberbullying.ca/pdf/Cyberbullying_Article_by_Bill_Belsey.pdf
4. <file:///C:/Users/ganiq/Downloads/kiberbulling-kak-novaya-forma-ugrozy-psihologicheskomu-zdorovyu-lichnosti-podrostka.pdf>
5. Baranov, A.A. Psikhologicheskii analiz prichin podrostkovogo kiberbullinga [Psychological analysis of the causes of teenage kiberbullinga]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskii-analiz-prichin-podrostkovogo-kiberbullinga>
6. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z4711>